

№ 1 «Бәйтерек» меңгерушінің жанындағы кезектен тыс кеңестің хаттамасы

Күні: 10.01.2025 ж.

Қатысқандар: _28_ қызметкер

Күн тәртібі:

1. Астана қаласы әкімдігінің № 1 «Бәйтерек» балабақшасы МКҚК қызметкерлерімен «2020 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа барынша бейім салаларды анықтаудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторингінің» нәтижелерін таныстыру және талқылау Жауапты: меңгерушісі Г.Қ. Бектұрғанова

1.ЕСТІДІК: балабақша меңгерушісі Г.К.Бектұрғанова. Гүлнар Қанапияқызы қатысушыларды 2024 жылдың I-тоқсанының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа барынша бейім салаларды анықтаудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторингінің нәтижелерімен таныстырды.

Гүлнара Қанапияқызы сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторинг жүргізу кезінде пайдаланылған мәліметтерді Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ұсынғанын атап өтті. Жоғарғы Соттың "СДТБТ" және "ҚР СО БААТЖ" электрондық ақпараттық базасы, "Стратегия" әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы "ҚҚ жүргізген елдегі сыбайлас жемқорлықты қабылдауды әлеуметтік зерттеу нәтижелері пайдаланылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторинг алты бөлімнен тұрады:

- аумақтық бөлімшелерді қоса алғанда, орталық мемлекеттік органдардың қызметінде қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық қылмыстар;
- жергілікті атқарушы органдардың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық;
- әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар);
- квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық; ➤
- кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторинг жүргізу дәйекті және кезең-кезеңмен:

- құқықтық статистика мәліметтерін талдау арқылы сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым бейім мемлекеттік органның қызмет салаларын белгілеу;-

қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым бейім мемлекеттік органдағы, ұйымдағы, квазимемлекеттік сектор субъектіндегі бөлімшелерді айқындау.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: әдіскер Б.С.Абдуова. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторинг нәтижелерінің практикалық маңыздылығы оның қорытындылары білім беру ұйымдарына тиісті ұйымдастыру-басқару және құқықтық шаралар қабылдау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретіндігінде екенін атап өтті.

Ботагөз Серікқызы балабақшада жемқорлық қаупінің алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанына тоқталды. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің жолын кесу мәселелері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, әкімдіктер, Білім басқармасы ұсынған материалдармен уақытылы танысады. Барлық жаңадан қабылданған қызметкерлермен кіріспе әңгімелер жүргізіледі, ақпарат балабақшаның интернет ресурсында (сайт, инстаграм, фейсбук), ата-аналарға арналған стендтерде орналастырылады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Астана қаласы әкімдігінің «Бәйтерек» № 1 бөбекжай-бақшасы МКҚК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолын кесу жөніндегі жүйелі және дәйекті жұмысты жалғастыру.

Шешімі:

1. Астана қаласы әкімдігінің «№ 1» Бәйтерек «балабақшасы» МКҚК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолын кесу жөніндегі жүйелі және дәйекті жұмысты жалғастыру».

Жауапты: педколлектив

Мерзімі: 2025 ж.

Бақылау: меңгеруші Г.Қ.Бектұрғановтың

Меңгерушісі _____ Г.К. Бектурганова

Хатшы _____ Д.К.Рымбекова